

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ**

**«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»  
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XIX Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**PROCEEDINGS  
of the XIX International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**2024  
Астана**

**УДК 001**

**ББК 72**

**G99**

**«ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» студенттер мен жас ғалымдардың XIX Халықаралық ғылыми конференциясы = XIX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» = The XIX International Scientific Conference for students and young scholars «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024». – Астана: – 7478 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.**

**ISBN 978-601-7697-07-5**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

**УДК 001**

**ББК 72**

**G99**

**ISBN 978-601-7697-07-5**

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2024**

## ҚАЗАҚСТАНДЫҚ МҰСЫЛМАН ӘЙЕЛДЕРДІҢ ДІНИ САНАСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Шайзада Акерке Асхатқызы  
[shaizadaakerke2023@gmail.com](mailto:shaizadaakerke2023@gmail.com)

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Дінтану кафедрасы, «Дін психологиясы» мамандығының магистранты. Астана, Қазақстан  
Ғылыми жетекші-Смагулов М.Н.

Діни сана, діни тәжірибе, діни сезім, діни конверсия діни іс-әрекет сияқты ұғымдар қазіргі қоғамда жиі талқыланады. Діни сана қоғамдық сана формаларының ішіндегі ең маңыздыларының бірі саналады. Оның анықтамасы ретінде адамның белгілі бір діни идеялар мен құндылықтарды мойындауы, ұстануы, санасында көрініс табуы деп тұжырымдауға болады. Адамның айналасындағы қоғамдық байланыстар, отбасы, діни тұлғалар, өмірде басынан кешірген жағдаяттары т.б. діни сананың қалыптасуындағы негізгі факторлар. Сапалық тұрғыдан рационалды немесе эмоционалды түрде діни сананың көріністері байқалады. Қазіргі біздің қоғамдағы кейбір діни тақырыптардағы талас-тартыстар барысында да осы діни сананың деңгейі мен көріністерін байқап жатамыз. [1]

Сучкова О. діндарлықты тұлғаның әлеуметтік-психологиялық қасиеті, діннің субъективті көрінісі, сана мен мінез-құлықта көрінетін дін элементтерін игеру қабілеті ретінде қарастырады. Діндарлықты құрылымдық компоненттер жиынтығы арқылы қарастыру төмендегідей ұсынылады:

- Когнитивті(білім, наным, сенім);
- Эмоционалды (сеніммен байланысты сезімдер мен эмоциялар);
- Сәйкестендіру (белгілі бір конфессияға не сенімге деген қатыстылық)
- Нормативтік-құндылық және мінез-құлық (культтік және культтан тыс мінез-құлық: салт - дәстүрлер). [2]

Діни сананың гендерлік ерекшеліктерін қарастыра отырып, Т. И. Варзанова әйелдердің діни тәжірибені жеткізуде ерекше рөлі бар екенін көрсетеді. Олар діни білімнің белсенді бағыттаушылары және отбасындағы діни дәстүрлердің сақталуы мен жалғасуына негіз болады. [3]

С. В. Рязанова мен А.В. Михалеваның кеңестік әйелдердің діни санаға қатысты теориялық талдаулары келесідей қорытындыға алып келеді. Діндарлықтың келесі гендерлік ерекшеліктері анықталды: әйелдер ер адамдарға қарағанда шіркеулерге жиі барады, діни қауымдастықтарда тұрады және наным-сенімдерге бейім. (Емшілік, сәуегейлік, діни белгілер, тағдырға деген сенім, аян түстер, көз тию).

Авторлардың пікірінше, әйелдердің интуиция, елестету, эмоционалдылық тұстары басым болу себепті дінге бейім келеді. Ерлер үшін логика, ақыл, парасаттылық діни ақпаратты, рәміздерді, символдарды қабылдауда сын туғызады. [4]

Бұрынғы Кеңес Одағы елдерінің діни жағдайы дәстүрлі діндердің жандануымен сипатталатын діни сананың өршуін бастан кешуде. Қазақстанда аталған үдеріс бірінші кезекте Ислам радикализмімен байланысты.

Бірқатар зерттеулер көрсеткендей, діни әлеуметтенудің негізгі институты-отбасы. Күнделікті тәжірибе растағандай, жас ұрпақты тәрбиелеуде басты рөлді діни әлеуметтенудің негізгі агенттері — аналар атқарады. Сондықтан әйелдер діндарлығын мұқият зерттеу қажеттілігі туындайды.

Негізгі әлеуметтік институттардың бірі бола отырып, дін бүгінде өзінің маңыздылығын жоғалтпайды. Сонымен, " Пью " зерттеу орталығының болжамына сәйкес, 2050 жылға қарай жалпы халықтың 13% - ы ешқандай дінді ұстанбайды, ал 2010 жылы 16% - ы болған. Ислам дінін ұстанушылар саны тез өседі деп болжануда: "қазіргі ислам ашықтықпен, еркін кеңею

мүмкіндігімен, өзгермелі жағдайларға жоғары бейімделумен, сондай-ақ (басқа діндердің көпшілігінен айырмашылығы) қатаң центризмнің, иерархиялардың және шешім қабылдаудың күрделі тетіктерінің болмауымен сипатталатын конфессиялық желі ретінде өте жақсы даму перспективаларына ие». [5] 2050 жылы мұсылмандар саны тарихта алғаш рет христиандар санымен теңестіріледі деп күтілуде: 2,8 миллиард немесе халықтың 30%-ы және 2,9 миллиард немесе 31%. [6]

Қазақстандық ғалым А. Нысанбаев әділ атап өткендей, қоғамда және діни нормаларға қатысқандардың үлесі 12-13% - дан аспайды. Сенушілердің негізгі бөлігі (шамамен 60%) тек номиналды болып табылады, өйткені олар діни өмірге қатыспайды, діни қауымдастықтардың қызметіне қатыспайды, діни мекемелерге бармайды және діни өмір салтының канондарын ұстанбайды. [7]. Посткеңестік кеңістікте, оның ішінде Қазақстанда қалыптасқан жағдайларда халықтың "абстрактілі діндарлығы" туралы ғана емес, осы діндарлықтың нақты дәрежесі туралы мәселе ерекше маңызды.

Діни бірегейлікті қалыптастыру мәселелері қазақстандық ғалымдардың назарын көптен бері аударып келеді. Ең өзекті мәселелердің қатарында діни конверсия процестері, исламдық сәйкестік мәселелері, ұлттық және азаматтық сәйкестілік контекстіндегі діни сәйкестіктің рөлі, сондай-ақ діни сәйкестіктің инклюзивтілігі мен эксклюзивтілігі тақырыптары бар. Сондай-ақ өзіндік ерекшелігі бар әйелдер діндарлығына арналған зерттеулер ерекше орын алады. Осы тақырыптағы ең маңызды жұмыстардың қатарына диссертациялық жұмысты атауға болады. Досанованың «Қазақстандағы әйелдер діндарлығы және жаңа мұсылман тәжірибелері», Астана қаласында тұратын тәжірибеші мұсылмандарды зерттеу негізінде жазылған [8], сондай-ақ «Қазақстанның тең құқықтар және тең мүмкіндіктер институты» (Алматы қ.) жүргізген «Қазақстандағы діни ахуал контекстіндегі қыздар мен әйелдердің жағдайы» зерттеуі. [9].

Дін әлеуметтанушыларының арасында халықтың діндарлығын бағалау кезінде қандай критерийлерді ескеру керектігі туралы консенсус жоқ. «Кейбір теоретиктер (Француз мектебі Ле Бра) діни тәжірибені басты деп санайды, ал басқалары діни өзін-өзі тануды ерекше атап өтеді» [10]. Мұсылман мигранттары арасында А.И.Кириллова [11] және православтар арасында Е.И.Гришаева [12] жүргізген зерттеулерде басты критерий: діни тәжірибелерді орындау болып қабылданды. Зерттеушілердің бір бөлігі діндарлықты бағалау кезінде діни өзін-өзі сәйкестендіруді нақты өлшем деп санайды. [13]. Кейбір ғалымдар аталған екі индикаторды біріктіруге тырысты: діни тәжірибелерді орындау және діни өзін-өзі сәйкестендіру. [14]. Осы мақаланың авторлары діни өзін-өзі сәйкестендіруді қалыптастырудағы белгілі бір діни тәжірибелердің рөлін анықтауға тырысты.

Аталып кеткен критерийлерді басшылыққа ала отырып, Болысбаева А., Затов К., Тутинова Н. Зерттеу жұмысында келесідей қорытындыға келеді. [15].

1. Өздерінің діндарлық дәрежесін асыра көрсетуге бейім. Себебі әйелдер өз таңдауы бойынша кейбір діни тәжірибелерді сақтай алады, ал басқаларын ұстанбайды және өз әрекеттерін тәжірибеші сенушілер ретінде анықтау үшін жеткілікті деп санайды.

2. Сенушілердің өміріндегі белгілі бір діни тәжірибелердің орны олардың ұзақтығымен байланысты: күнделікті орындауды қажет ететін діни тәжірибелер тек мезгіл-мезгіл орындалуы керек тәжірибелерге қарағанда аз кездеседі.

3. Дінді әлеуметтік тәжірибе жинаудың арнасы ретінде 18 бен 29 жас аралығындағы жас қыздар қарастырылады, сондай-ақ діни бірегейліктің маңыздылығы аксиологиялық трансформациямен және кейінгі өмірге дайындықпен байланысты 61 жастағы әйелдер ең діндар болып табылды.

Осылайша, көпшілік сенуші әйел адамдар исламның догматикалық негіздерінде әлсіз бағдарлануымен, діни тәжірибелердің болмауымен сипатталатын конвенциялық сенушілер тобына жатқызуға болады. Көбінесе әйелдер өздерінің діндарлық дәрежесін асыра көрсетуге, өздерін белсенді сенушілер ретінде анықтауға, тек белгілі бір рәсімдер мен тәжірибелерді таңдаулы түрде орындауға бейім. Ең жиі орындалатын діни тәжірибелер-діни мерекелерді тойлау және ораза ұстау; ең аз әйелдер намаз оқып, хиджаб киеді. Діни мерекелерді тойлау

және ораза ұстау көп уақытты қажет етпейтіні және шектеулі уақыт шеңбері бар (діни мерекелер үшін бір-үш күн және ораза үшін бір ай ([ораза]). Намаз оқу және діни киім кию уақытша ресурстың қажеттілігімен сипатталады және белгілі бір дайындықты қажет ететін маңызды қадам ретінде қарастырады. Бұған дейін айтылғандай, тәуелсіз зайырлы Қазақстан дәуірінде дүниеге келген жастар дінді әлеуметтену арнасы ретінде қарастырады, ал егде жастағы әйелдер үшін діни бірегейліктің маңыздылығы аксиологиялық трансформациямен және кейінгі өмірге дайындықпен байланысты. Діндарлықтың ең төменгі деңгейі 46 мен 60 жас аралығындағы респонденттерде, яғни экономикалық белсенді әйелдерде байқалады. Бұл жас тобындағы дінге деген қызығушылық бос уақыттың болмауымен, сондай-ақ зейнетке шыққаннан кейін діни тәжірибені бастау ниетімен анықталады деп болжауға болады.

Жалпы, өзін сенуші деп санайтын әйелдердің көпшілігі үшін дінді үстірт қабылдау тән.

Қорытындыларға сүйене отырып, алдағы уақытта мұсылман деп санайтын әйелдердің саны, оның ішінде діни рәсімдер мен іс-әрекетті атқарушылар көбейеді. Бірақ барлық нұсқауларды орындайтын терең сенетін әйелдердің саны көп болмайды.

Бұл болжауға жаһандану процессінің әсері, діннің қоғамдағы рөлінің секулярлы көрінісін себеп ретінде қарастыруға болады.

Әрине, діндарлықты құбылыс ретінде аймақтық, гендерлік немесе басқа аспектілері арқылы біржақты қарастыру мүмкін емес. Бұл құбылыс ретінде үнемі және жан-жақты зерттеуді қажет етеді. Адам баласының сана құрылымы күрделі болу себепті зерттелу қажет факторлар мен құбылыстар көп. Адам баласының дінге келуі мен діни тәжірибе жолы, діни конверсия, діни сана, діни сенім факторлары үлкен рөл ойнайды. Осы аталып кеткен құбылыстар діндарлық құбылысының ішкі факторлары болатын болса, сыртқы факторлардың бар екені анық. Бұл индивидтің орын алып жатқан географиялық мекені, ұлттық ерекшеліктеріне сәйкес мәдениет, құндылықтар жүйесі, өмір сүріп жатқан қоршаған ортасы. Бұл сыртқы факторлардың өзі діндарлық құбылысына уақыт өлшемі бойынша өзара әрекеттеседі. Осыдан құндылықтар жүйесінің ауысуы, адам баласы діни сана болмысының трансформациясы, оның қоғамға деген әсері сияқты зерттелу қажет тақырыптар аясы кеңейе түседі. Діндарлық құрылымы күрделі құбылыс. Ол әрдайым қоғамда өзекті тақырыптардың бірі болып қала бермек.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. <https://muslim.kz/kz/article/dini-sana> 7 наурыз, 2024 ж.
2. Сучкова О.В. Психологическая функция религии — обеспечение безопасности для верующей молодежи/О.В.Сучкова//Современные проблемы науки и образования. № 3. 2008 г. С. 84 — 89.
3. Варзанова Т. И. Религиозные ориентации молодых россиян (Возрастной и гендерный аспекты проблемы) / Т.И.Варзанова // Мужчина и женщина в современном мире: меняющиеся роли и образы. В 2-х тт. — М., 1999. С. 274-286.
4. Груздев Н.В. Религиозно-психологические ориентации современных россиян и американцев: новые данные /Груздев Н.В., Спивак Д.Л. – М:Точки/Puncta, 2004. – №3-4 – С. 274-284.]
5. Байдаров Е. Глобализация и ислам: проблемы и противоречия // Мир человека. Философский и общественно-гуманитарный журнал, 2012, № 1 (51). С. 32—37.
6. The Future of World Religions: Population Growth Projections, 2010—2050 [Ссылка], 2 марта 2021
7. Нысанбаев А.Н., Булова Е.Е., Сайлаубекқызы А. Особенности идентичности казахстанцев в условиях поликультурного общества // Социологические исследования, 2019, № 7. С. 37—47
8. Досанова Г.М. Женская религиозность и новые мусульманские практики в Казахстане: Диссертация на соискание академической степени доктора философии (PhD): 22.00.00 — Социологические науки. — Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева. Астана: 2010. 129

9. Ускембаева М., Резвушкина Т. Положение девушек и женщин в контексте религиозной ситуации в Казахстане. Гендерное исследование. *Akvfns*, 2018. 306 с.
10. Бакрач В., Благоевич М. Конвенциональная религиозность молодежи Черногории // *Социологические исследования*, 2014, № 12. С. 106
11. Кириллова А.И. Вовлеченность в религиозные практики как фактор интеграции мигрантов // *Социологические исследования*, 2016, № 2. С. 119—128.
12. Гришаева Е.И., Фархитдинова О.М., Шумкова В.А. Религиозность верующих Екатеринбургской метрополии: от ортодоксии к постсекулярной эклектике // *Социологические исследования*, 2017, № 8. С. 106—117
13. Аригин Е.И., Петросян Д.И. Особенности религиозности студентов // *Социологические исследования*, 2016, № 6. С. 71—77; Рыжова С.В. Особенности изучения религиозной идентичности россиян // *Социологические исследования*, 2016, № 10. С. 118—127.
14. Бакрач В., Благоевич М. Указ. соч. С. 104—110

УДК 21.91

## АТЕИЗМ В СОВРЕМЕННОМ КАЗАХСТАНЕ: КРАТКИЙ АНАЛИЗ

**Бегенова Амина Санатовна**

[amina06342@gmail.com](mailto:amina06342@gmail.com)

Студентка 1 курса кафедры религиоведения ЕНУ им. Л. Н. Гумилёва, Астана  
Научный руководитель - Аймухамбетов Т.Т

Казахстан – светское государство. Это положение отражает отношение казахстанского государства к религии, в соответствии с которым никакая религия не может устанавливаться в качестве государственной или обязательной, а религиозные объединения отделены от государства и равны перед законом (Конституция РК).

Основным критерием светского государства является отсутствие обязательной для всех религии.

Также светскость – это:

- 1) нейтралитет государства по отношению к любой религии;
- 2) независимость государства от любой религии, как и независимость религии от государства;
- 3) свобода совести и вероисповедания;
- 4) свободный от любой религии характер образования.

Светскость позволяет людям жить рядом, несмотря на различия верований, мнений и убеждений. Вот почему светский характер общества — это благо и необходимость.

Граждане Республики Казахстан равны перед законом независимо от отношения к религии. Каждый гражданин нашего государства вправе быть верующим или атеистом. Государство создает все необходимые условия для удовлетворения гражданами своих религиозных потребностей. «В современной мировой практике распространены два типа отношений между государством и религией. Первый – государство и религия отделены друг от друга, второй – в государстве дается преимущество либо государственному статусу определенной религии (точнее, конфессии или религиозной организации)» [1].

«Доля верующих казахстанцев увеличилась на 0,5% за 12 лет — за период с 2009 по 2021 год — и составила 86,6%. Доля атеистов уменьшилась с 2,8% до 2,3%. Данные опубликовали в Бюро национальной статистики. На данный момент ислам исповедуют 69,3% населения, доля в межпереписной период почти не изменилась. Христианство — 17,2%, буддизм и иудаизм — менее 0,1%. Таким образом, общая доля верующих в 2021 году составила 86,6%» [1]. Также исследования показывают, что за 10 лет число тех, кто причисляет себя к атеистам, в Казахстане выросло в три раза.